

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.II. - Б. 190-192

## ГЕНЕРАЛ САБЫР РАХИМОВ

*Өмірзақ Ж.*

Осы жылы Ұлы Жеңістің 75 жылдығын атап өтеміз. Соғыстың аяқталғанына 75 жыл өтсе де, бұл соғыстың ақтандақтары мен ащы ақиқаты әлі де ашылмай отыр. Себебі, күні бүгінге дейін көптеген адамдар өздерінің әкелері, бауырлары, жақындарының қай жерде мерт болып, қай жерде жерленгені жайлы белгілі бір хабар ала алмай отыр. Бұл мәселенің бір жағы болса, екінші жағынан соғыста ерліктің тамаша үлгісін көрсетіп, өскелең ұрпақтың жадында ұмыт қалған қаншама батырларымыз ескерусіз қалып отыр. Сондай тау тұлғалы батырларымыздың бірі де бірегейі – Сабыр Рахимов.

Генерал-майор Рахимов Сабыр Омарұлы 1902 жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Қазығұрт тауының етегіндегі Көкібел ауылында туған. Сабырдың жеті-сегіз жасар кезінде әкесі Омарқұл Ташкент қаласы маңындағы Пақтапұл деген жерге қоныс аударады. Шешесі Ташкент маңайындағы Жүнісабадта тұратын диқанның қызы Бахарайым деген кісі екен. Сабырдың балалық шағы төңкеріс алдындағы империялық Ресейдің және оның отарланған шеткі аудандарының көптеген балалары сияқты кедейшілікте өтті. Әкесі Омар 1907 жылы қайтыс болған соң сауаты жоқ анасы Бахарайым туған ағасы, диірменші Рақымның қолына қызы мен баласын ертіп барады. 1915 жылы қызы қайтыс болады. Сабыр мектепке барған кезде нағашысының балалары қатарында «Рахимов» болып жазылып кетеді. 13 жасар Сабыр жергілікті байдың малын бағып күн көреді. 1917 жылы шешесі Бахарайым да қайтыс болады да, ол балалар үйіне қабылданады.

Сабыр 1922 жылы Бакудегі әскери мектепке қабылданып, оны үздік бітірді. 1925 жылы атақты қолбасшы М.С.Фрунзе курсант Сабырдың әскери өнеріне қатты риза болып, оған аттың қолдан жасалған мүсінін сыйлайды. Сабыр Рахимов әскери мектептен соң атты әскер взводының эскадрон командирі болып Қарақұмдағы басмашыларға қарсы күресте үлкен ерлік көрсетті. Осыған байланысты ол 1927 жылы «Қызыл Ту» орденімен, 1930 жылы «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды. С. Рахимов 1937 жылы нақақтан жалаға ілігіп, он тоғыз ай түрмеде отырып шығады.

1941 жылға дейін түрлі әскери мекемелерде қызмет істеді. Соғыс басталғанда полк, кейін дивизия қолбасшысы болды. 1941 жылы шілдеде жау қоршауын бұзып шыққан батылдығы үшін 2-рет Қызыл Ту орденімен марапатталып, полковник шенін алды. Оның дивизиясы Дондағы Ростовта, Кавказда ұрыс жүргізді. 1942 жылы Сабыр Рахимов дивизия командирі

міндетін атқарушысы болып тағайындалды. Сондағы бір әскери құжат былай дейді: «Рахимов басқарған дивизия шайқастарында 4000 фашисттің көзі жойылып, 100-і тұтқынға түсті, 4 ұшақ құлатылды» [1]. 1942 жылы 22 тамызда подполковник дәрежесін алған Рахимов 1943 жылы 19 наурызда Мәскеудегі Бас Штаб Академиясына оқуға жіберілді. Міне, сол кездегі С.Рахимовқа берілген мінездемелер: 12-ші Армия Бас қолбасшысы генерал-майор А.Гречко: «Инабатты, ұстамды, тактикалық білімді, тәртіпті офицер. Шабуыл кезінде дивизия бөлімін дұрыс басқарады» десе, 56-шы Армияның Бас қолбасшысы генерал-майор Рыжков: «Шешімді, ізденгіш, ойшыл командир. Рахимовтың қайсарлығы мен жүректілігі оның қарамағындағыларға үлгі бола алады», [2] - деп бағалады. Сол жылы полковник Сабыр Рахимовқа генерал-майор шені берілді. Сұсты Сталиннің өзі Солтүстік Кавказды басқыншылардан азат етудегі ерлігі мен әскери шеберлігіне тәнті болып, «Темір генерал» деп ат қойған. «Тарихи тұлға қай кезде де өз миссиясын абыроймен атқарады» [3] деген қанатты сөз Рахимовқа қаратылып айтылғандай.

Академияны бітірген соң Белоруссияны, Польшаны азат етуге қатысты. Соғыс жылдары ол басқарған 37-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлік туына 2 Қызыл Ту, Суворов және Кутузов ордендері тағылды. Рахимов Ленин, 4 рет Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, 2-дәрежелі Суворов ордендерімен, медальдармен марапатталды.

Дивизия майданының басқа бөлімдерімен біріге отырып, жаудың Польшадағы негізгі трек пункттері – Дзядлова, Млава, Плоньск, Пултуск қалалары мен Цеханов-Модлин теміржолын жаудан тазартады. 16 күннің ішінде 215 шақырымға созылған Польшаның 124 елді мекенін жаудан азат етеді.

1945 жылы наурызда Староград қаласы маңында жаумен қиян-кесті шайқас болады. Міне, осы шайқаста генерал-майор С. Рахимов қайтыс болды. Генералдың қалай қаза тапқаны жөнінде көптеген мәліметтермен қатар, Рахимовтың өмірін зерттеуші А.Құралов окопта генералмен бірге болған Тоғанбай Қауынбаевтың естелігінен келтіреді: «Сабыр ағаның қазасын әркім әр түрлі болжайды. Менің есімде қалғаны, Данциг /Гданск/ қаласына жасап жатқан шақ. Дивизия саяси бөлімінің бастығы полковник Смирнов, артиллерия құрамасының қолбасшысы полковник Руденко, байланыс қызметінің бастығы подполковник Голованьды қасына ерткен Сабыр аға Омарұлы 1945 жылы 25 наурызда 109-шы полк шабуылдап жатқан шепке келді. Бір жағы жауынгерлерді жігерлендіріп, екіншіден ұрыс даласымен байқап қайтпақшы болды. ... Бірге отырып дәм тату жайындағы ұсынысқа алғыс айтқан Сабыр аға бақылау пунктін ауыстыру жайын еске салады да, қасындағы серіктерімен бүйірлеу бағытқа беттейді. Шақырымға жетер-жетпес жерге келіп, жайғаса берген кезде заңылдай да жарқырай ұшқан миномет генералдар отырған жерге бұрқ ете қалды. Жан ұшыра жүгірген біз қызылала қан болған командирге жеттік. Кейін білгеніміздей, Смирнов, Головань тіл тартпай көз жұмыпты да, Руденконың оң аяқ

саусақтары түгелдей қырқылып түсіпті. Ал Сабыр аға көзін басып, қиналып жатыр екен.

- Сабыр аға, не болды? – деп тіл қаттым.

- Тоғанбаймысың? Не болғанын қайдам, әйтеуір мына көзім суырып алып барады. Ол кісінің айтқаны осы болды. Жалма-жан аяулы ағаның жараланған көзін танып, медсанбаққа хабарладық. Сол бетте далалық госпитальға апарылған Сабыр аға тілге келмей соңғы сапарға аттанды. 30 наурыз күні Рахимов және оның майдандас достары Белоруссияның Гродно қаласында жерленді» [4].

Сабыр Рахимовқа 1965 жылы 6 мамырда КСРО Жоғары Кеңесі Президумының Қаулысымен Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді.

1991 жылы батырдың туған жері Қазығұрт ауданы, Көкібел ауылындағы орта мектепке Сабыр Рахимов есімі берілді. 1997 жылы 11 маусымда осы мектептің директоры С.Рахимовтың өмірін зерттеуші А.Құраловтың бастамасымен генералға ескерткіш орнатылып, мұражай ашылды.

2002 жылы Түркістан қаласында «Коммунизм» мектебіне Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор С.Рахимов есімі беріліп, 2012 жылы мамыр айының 8 жұлдызында С.Рахимов атындағы жалпы орта мектепте С.Рахимовтың 110 жылдығын тойлап өтті. Осы мерекеде мектепке генералдың бюсті орнатылды. Сөзімізді түйіндесек, Бауыржан Момышұлындай дара тұлғаның қатарында қазақтың тағы бір алыбы иық тірестіріп тұрса, қазақтың рухын асқақтататын еді. Бауыржандай дара тұлға, Сабырдай нар тұлға қазақтың мақтанышы екендігін ақиқат. Олай болса, Бауыржан мен Сабыр тағылымы ұлттық рухтың асқақтығының бір үлгісі болмақ.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Жас алаш., 1997 ж. 13 тамыз.
- 2 Ақиқат., 1997 ж. №5. Б. 16
- 3 Sergienko E. A. (2013). The problem of relationship between subject and personality. Psychological Journal, Volume 34, No.2, 5-16
- 4 [https://cak.clan.su/load/referat/referat/rakhimov\\_sabyr\\_omar\\_ly/4-1-0-579](https://cak.clan.su/load/referat/referat/rakhimov_sabyr_omar_ly/4-1-0-579)

*Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., Абишева Ж.Р.*